

# АНАТПОД

Анасторий  
Таңбай

1990 жылды  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## **Отқа оранған жастық шақ**



**Қостанай өңірінің жұртшылығы ардақты ақсақал Жәлел Сұлтанғазинді ерекше құрмет тұтты. Өйткені ол ғұмыр бойы шындық пен әділдік жағында болды.**

Бәлкім, сондықтан да шығар, кейбір кісілер жағымсыз жақтарын көрсетуден тайсалып, одан ығып тұратын. Бірақ негізінде, өте ақжарқын еді. Қашан да имандылықты, адамгершілікті, кішіпейілділікті өнеге етіп, оны кейінгі ізін басқан інілері мен қарындастарына сіңіруге тырысты. Бұл киелі шаңырақты ортақ мақсат жолында қызмет атқарған замандастары, әріптестері, жалпы зиялы жұртшылық өздеріне үлгі етті. Себебі осы әулетте Жәкеңмен қатар, оның өмірлік серігі болған Бағытай апамыз да айналасындағыларға нақты ісімен сыйлы еді.

Ауданға ат басын бүрған беделді ағаларымыз, бәлкім, қонақжайлықтарынан да шығар, осы отбасыға арнайы соғып, жылы қабақтары мен дәмді тағамдары үшін алғыстарын жаудырып, кетерінде ризашылықтарын білдіріп жататын. Ерлі-зайыпты Жәлел мен Бағытай Сұлтанғазиндердің отбасында бес бала тәрбиеленді. Олардың әрқайсысының әке-шеше үшін өз орны бар. Бәрі де кішкентайынан елгезек, еңбексүйгіш, үлкендердің жолын кеспейтін саналы азамат болып қалыптасты.

Солардың арасында бүгін әңгімемізге арқау етіп отырған Манаубек те ес білгелі әкесінің ұлағатты әңгімесін тындалап, үлгілі тағылым алды. Оның жанында жүріп, жұртшылықпен қалай қарым-қатынас жасау керектігін үйренді. Манаубек өсе келе өзге құрдастары секілді мектеп табалдырығын аттап, сабакқа ерекше ден қойды. 1979 жылы облыстағы қазағы қалың Қаратал ауылындағы білім ордасын тәмамдады.

## **АУҒАНСТАНДАҒЫ ҰМЫТЫЛМАС ЖЫЛДАР**

Манарабек Жәлелұлы Сұлтанғазинді қостанайлық жігіттер кешегі Ауғанстандағы қанды майданды бастаң кешкен барлаушы, қайратты, намысты, алған бетінен қайтпайтын өжеттігі үшін де үлгі етеді. Ол Қаратал елді мекеніндегі орта мектепті аяқтаған соң, өзінің азаматтық борышын өтеу үшін әскер қатарына алынды. Қостанай шаһарынан шақырылған тепсе темір үзетін бозбалалар, алдымен, бұрынғы Семей облысының Жаңғызтөбе ауданындағы Георгиевка қала типтес поселкесіне келіп тұсті. Бұл жерде олар әскери дайындықтан өтті. Командирлері бұларды ширактыққа, дәлдікке баулыды. Сөйтіп, сол жылы желтоқсан айында Өзбекстанның Ауған мемлекетімен шекаралас жатқан Термез елді мекеніне пойызбен жеткізілді.

Әрине, жаңа ортада да бұларға біраз жайдың жай-жапсары жан-жақты түсіндірліді. Кешегі ауылда өскен қазақтың қарадомалак баласы қысқа мерзімде әскери тіршілікке тез бейімделді. Бұл орайда Манарабектің спортпен шұғылданған қасиеттері де өзіне септігін тигізді. Өйткені күнделікті жаттығу кімді болсын шиratып, шынықтырады емес пе? Алайда ешқашан да барлаушы боламын деген ой өні түгіл, түсіне де кірген емес-ті. Адам баласының басына қандай қыындық түссе де, оған төзеді. Ауғанстанның Кабул деген жеріне кіре берістегі Қайырхан асуына келіп, тұрақтады. Алайда олар мұнда да көп болған жоқ. Дегенмен, соғыс атаулының кімге болсын оңайлыққа соқпайтындығын жас жігіт жете ұғынды. Осылайша, ол жоғарыда аталған Кабул шаһарына таяу орын тепкен Баграм деген қонысқа қалай келгендерін де білмей қалды. Әскерде командирдің айтқаны талқыланбайды, тек орындалады. Темірдей тәртіпке үйренген кіл жастар осындағы жеке барлаушылар батальонының барлаушы-десанттық ротасының құрамында өздерінің азаматтық борышын өтеді.

Барлаушы – өте жауапты міндет. Мұнда да сенің біліміңмен қоса, аса сергектігің, жедел қымызың, дер кезінде шешім қабылдау секілді айрықша қабілет-қарымың сынаққа түседі. Небәрі он сегіздегі батыл бозбала барлаушы ретінде бұйрықты бұлжытпай орындал, оқ пен оттың бел ортасында жүрді. Сонда жүріп, қаншама қанды көйлек достарынан айырылды. Ең сұмдығы, қатарлас туған бауырларында болып кеткен жауынгерлерді күтпеген жерден жоғалту аса қын екен. Амал жоқ, бәріне де шыдады.

Бұлар бұрын соғыс дегенді тек кітаптан оқып, кинодан көрді емес пе? Ал душмандардың бет-бейнесі бұлардың жадында мәңгілік қалды. Олар өте құралайды көзге атқан мерген болып келеді. Тау-тастың жықпыл-жықпылында жүріп, байқаусызда қалай келіп қалғандығын да білмей қаласың. Міне, осында кезде барлаушылық қызметтегі қырағылық әбден танылады.

## **ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫН ТІКТІ**

Кейіпкеріміз кіндік қаны тамған Қостанай өніріне 1981 жылдың 9 мамырында оралды. Туған-туыс, ағайын-бауырмен қауышқан соң қарап отыра алмады. Кезінде әскерге шақырылған кеңшарда қатардағы жұмысшы

болды. Ауған жерінде өзінің азаматтық борышын мінсіз әрі үлкен абыраймен өтеген бұған деген сенім барынша артты. Өзі тұлегі болған орта мектеп жанындағы интернатта тәрбиеші болды. Сонымен қатар оқушыларға дene шынықтыру пәнінен дәріс берді. Шәкірттері спорт десе аянбайтын, өзі әрдайым өнеге көрсететін бұдан қаншама тағылым алды. Содан осы кезге дейін қатардағы құрылыштықтан Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университетінің тәрбие жөніндегі департаменті директорының орынбасары лауазымына дейін қаншама қызметтерді атқарып, өзінің өмірлік берік ұстанымы, елге деген сүйіспеншілігімен туған жерін өркендетуге лайықты үлесін қости.

Артта қалған жылдар ішінде банк саласында, кәсіпкерлікте, спортта жарқын ізін қалдырды. Тәжірибелі басшы ретінде жас мамандарға білгенін үйретіп, ағалық ақыл-кеңесін беруден жалықпады. Бір сөзділігі, сертке беріктілігі, айналасындағыларға жанашырлығы көрінбей қалған жоқ. Екі рет Қостанай қалалық мәслихатының депутаты болып сайланды.

Басқа да қоғамдық жұмыстарда жастарға өнеге көрсетті. Ауған соғысы ардагерлері облыстық және қалалық қеңесінің төрағасы ретінде де қаншама азаматтарға қамқорлық жасады. Олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына көп көңіл бөлді.

Еркін күрес бойынша жас кезінде облыстық және республикалық жарыстарға қатысып, палуандығымен де өзгелерге мұрындық болды. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған мерекелік және мемлекеттік «Ерен еңбегі үшін» медальдарын қеудесіне тақты. Сондай-ақ Ауғанстан Демократиялық Республикасының III дәрежелі орденін алғанын да білеміз.

## ҰРПАҚТАРЫ – ҒҰМЫРЫНЫҢ МӘНІ

Манарабек Жәлелұлы қазіргі таңда өз ортасында құрметке бөленген. Сүйікті жары Жанар да әулетінің абырайы мен отағасының мәртебесін көтеріп келеді. Ол да кішкентай кезінен анасы нағыз қызы балаға тән ибалылық, үлкен мен кішіні сыйлау, ата-енеге лайықты құрмет көрсету секілді қасиеттерді сінірді. Жанар Қостанай облысымен ауылы аралас, қойы қоралас жатқан Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданына қарасты Жалтыр ауылында дүниеге келіп, осында бойжетті. Екеуінің тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқанына отыз жылдан асыпты.

Азаматының қадір-қасиетін әрі беделін көтеріп отырған ол, бізben болған әңгімесінде былай деп сыр тиегін актарды:

– «Уақыт неткен жылдам десенізші. Міне, Манарабек бұл күндері 60 жастан асып, ел ағасы дәрежесіне жетті. Үйде де балаларға жоғары талап қояды. Сондықтан да болар, ұлдарымыз өте тәртіпті азамат, білікті де білімді маман болып қалыптасты. Мәкең туыстарына да өте қайырымды. Ағайынның қайғы мен қуанышын бөлісіп тұрады. Мениң бауырларым да оны қазақтың бір намысты жігіті ретінде құрмет тұтады».

Олардың үйінің берекесін келтірген келіндері Dana мен Айшагұл де ата-енесінің айтқанын екі етпейді әрі жастайынан үлгілі тәрбие алғанын көрсетіп келеді. Қос ұлдары мен келіндері де қазіргі уақыт талабына сай

магистратурада оқып, білімін тереңдettі. Манаrbек пен Жанар екі ұлдары мен келіндерінен үш немересүйді. Тұнғышы Нұрайым алты жаста, Әділбек пен Ерасыл әлі кішкентай бүлдіршін. Атасы мен әжесінің көзінің нұры. Бұлар немерелерін өміріміздің мәні мен сәні деп мақтаныш етеді. Қостанай өнірінде Сұлтанғазиндер әулеті жоғарыда атап өткеніміздей, көпке белгілі. Жәлел ағамыздан тараған Әнуарбек республикаға танымал ғалым, экономика ғылыминың докторы. Қазір құрметті демалыста. Одан кейінгі Гүлнэр биология ғылыминың кандидаты. Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университетінің кафедра менгерушісі. Гүлбану болса, облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында директордың орынбасары. Зәмзәгүл қаржы саласының маманы.

Егеменді еліміздің келешегі қазіргі жастардың қолында. Сондықтан Мәкен бозбалалармен болатын түрлі басқосуларда жігіттердің бойына отансұйгіштік, ұлтжандылық, ең бастысы, тәуелсіз елдің нағыз тірегі боларлық қасиеттерді сіңіруге өзінің субелі үлесін қосып жатқаны айдан анық. Мұндай азаматтар қандай құрметке де лайықты.

**Оразалы Жақсанов**